اَللّٰهُ لَآ إِلٰهَ إِلَّا هُوَ

(Шын тәңір) Алла – Одан өзге тәңір жоқ!

ҚҰРАН КӘРІМ

"Фатиха" және "Бақара" сүрелерінің тәпсірі




МАН ДӘРІСТЕРІ

Мейірімді де рақымды Алланың атымен (бастаймын).

"Әлбетте, бұл зікірді (Құранды) Біз өзіміз түсірдік! Өзіміз оны (қияметке дейін бұлжытпай) сақтаймыз"

ҚҰРАН КӘРІМ



Қазақша мағынасы мен тәпсірі

(Фатиха сүресі мен Бақара сүресі)

I

том

ББК 86.38
О – 65

Оразбай З.
Редактор: Ислам Е.
О – 65 «Құран Кәрім және оның мағыналарының қазақша аудармасы мен тәпсірі».
Шымкент, «Ғасыр-Ш» баспасы, 2006. – 404 бет.

ISBN 9965-752-46-X

ПІКІР

Зәріпбай Жұманұлы Оразбайдың «Құран Кәрім және оның мағыналарының қазақша аудармасы мен тәпсірі» (І-том, «Фатиха» мен «Бақара» сүресі) атты кітабы (жинағы) Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптама комиссиясында қаралды.

Аталмыш кітапта жинақтаушы қасиетті аяттар мен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадистерін түп араб тілінде келтіріп, оның аудармасы мен түсініктемелерін берген. Тәпсірлеу кезінде аса сенімді тәпсір кітаптарына және Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) сахих аталған хадис шәриптеріне сүйеніп, «Әһлус сунна уәл жамағат» ақида мектебінің өкілдері мен Имам Ағзам мазһабының мұжтаһид ғұламаларының ұстанымынан тыс шықпаған.

Бұл кітаптың имандылық, рухани жолында өзіндік әсері болады деп сенеміз.

ҚМДБ-ның наиб муфтиі,
Шариғат, пәтуа және діни істері бөлімінің меңгерушісі

Мұхаммад-Хусайн Алсабеков

О $\frac{040300000}{00(05)-06}$

ББК 86.38


Бисмиллаһир рахманир рахим

Барша мадақтар мен мақтаулар, момындардың діл төрінен орын алған шүкіршілік сезімдер - біздерді момын хәлімізде жаратып, өзінің құтты кәламын оқып амал етудей бақытқа бөлеген бүкіл әлемдердің Раббы, теңі де, теңдесі де жоқ құдіретті Аллаға жарасады (лайық). Оның сәлемі мен барша момындар жолдайтын ізгі салауаттар бүкіл әлемге рахмет етіп жіберілген, барлық жаратылыстың абзалы Мұхаммедке (с.ғ.с.), Тәңірдің ризалығы мен рахметі өздерінен кейінгі момындарға жолшы жұлдыз болған Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) отбасы мен сахабаларына және оларға ілескен күллі иманды жандарға тән.

Құран - Алланың кәламы, яғни, шынайы сөзі. Ол - ең сенімді құжат, ең мықты дәлел. Оны зерттеудің, мағыналарына түсінік жасаудың өзіндік арнайы қағидалары мен қатаң шарттары бар. Сондықтан, осы кітапты дайындау кезінде сол қағидалар мен шарттарды басшылыққа ала отырып, араб тіліндегі ең сенімді тәпсір кітаптарына және Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сахих аталған хадис шәріптеріне сүйеніп, «Әһлус сунна уәл жамағат» ақида мектебінің өкілдері мен Имам Ағзам мазһабының мұжтаһид ғұламалары ұстанымын өзіме шамшырақ еттім.

Сөзімнің соңында, бұл кітаптың тіл тұрғысынан оқырманға барынша түсінікті болуы үшін, қажымай еңбек еткен редактор Ислам Ерментай ағама өз ризалығымды білдіре отырып, осы қасиетті кітапты оқыған барша оқырмандарға Алладан амандық, қуаныш пен бақ, береке тілейміз. Әмин.

Баршаға Алладан игілік тілеуші:
Зәріпбай Жұманұлы Оразбай.



سورة الفاتحة

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ١

الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ ٢ مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ ٣

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ٤ اهْدِنَا

الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ ٥ صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ

عَلَيْهِمْ ٦ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ

وَلَا الضَّالِّينَ ٧

وآياتها سبع

ФАТИХА
сүресі

Мейірімді де рақымды Алланың атымен (бастаймын).

(1-3). Барша мадақтар мен мақтаулар (бүкіл) әлемдердің Раббы, ақырет күнінің Патшасы, Мейірімді де Рақымшыл Аллаға тән.

(4). (Я, Алла) Саған ғана құлшылық етеміз. Және (тек) Сенен ғана көмек тілейміз.

(5-7). Бізді сират мұстақимға - (яғни) қаһарға кезікпегендер мен азғындыққа салынбағандардың, Сен оларға игілік сыйлағандардың (тура) жолына сала гөр!

(Ә´мин).

Жеті аят

